

# С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті



ҚазҰМУ ғылыми кітапханасы

Алматы, 2021 ж.

Тәуелсіздік – елімнің,  
еркін жолы

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ

ҚАЗАҚСТАН







## Желтоқсан көтерілісі



Желтоқсан көтерілісі — 1986 жылы 17 — 19 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады

Көтерілістің басталуына Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облысы партия коммитетінің 1-хатшысы Г.В. Колбинді ҚКОК-нің 1-хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды.











16 желтоқсан – ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. 1991 жылғы 16 желтоқсанда президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған Конституциялық Заңнан бастау алған тәуелсіздігімізге 30 жыл толды.





Бұл атаулы күн 1991 жылғы желтоқсанның 16-сында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» және 2008 жылғы 25 маусымдағы және 2009 жылғы 22 сәуірдегі заңдармен өзгертулер енгізілген 2001 жылғы желтоқсанның 13-інде «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес атап өтіледі.

# Тәуелсіздік жылнамасы

**1991 жыл. 16 желтоқсан.** Бұл күн – біздің тәуелсіздігімізді дүниежүзі мойындаған күн. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Ата заңы қабылданды.

**1992 жыл.** Қазақстан Бірікке Ұлттар Ұйымына мүше болды. Маусым айында Тәуелсіз Қазақстан ел рәміздері: Туын, Гимні, Елтаңбасын қабылдады. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты.

**1993 жыл.** Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды. 15 қараша. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық теңгесі айналымға енді.

**1994 жыл.** Мемлекеттің тұңғыш ордендері мен медальдары дүниеге келді. 30 маусым ұшқыш Талғат Мұсабаев аспан көгіне көтерілді. Қазақстан ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қосылды.

**1995 жыл. 30 тамыз.** Референдумда ұсынылған жаңа Ата Заң бір ауыздан қабылданды.

**1996 жыл.** Алматыда Тәуелсіздік монументі ашылды





**Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.**

***ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың  
«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласынан «Egemen Qazaqstan»  
газеті 05.01.2021 ж.***



Қазақстан  
Республикасының  
Конституциясы -  
Қазақстан  
Республикасының  
Ата Заңы. Ағымдағы  
Конституция 1995  
жылы 30 тамыз күні  
жалпыхалықтық  
Референдум негізінде  
Қабылданды және  
5 қыркүйек күні  
өз күшіне енді.  
Конституция  
9 тараудан, 98  
баптан тұрады.  
баптан тұрады.



Көк тәңірдің сыйы – Көк ту  
Елдіктің нышаны – Елтаңба  
Әлемге танытар – Әнұран





**Тәуелсіздік күні ҚҰТТЫ болсын!**

Азат күн туды, қырандай еркін самғаған,  
Асыл арманды ақиқат күнмен жалғаған.  
Ұғынсаң елім, бостандық атты бақ құсы,  
Сан ғасыр бойы басымызға да қонбаған!

Бұл күнді күтіп батырлар жанын қиысты.  
Бостандық алып күмбірлеп кетті күй ішкі.  
Ержүрек ұлы, қайсар қыздары бар қазақ,  
Мәңгілік азат халық болуға тиісті!

Жаңарды заман, жасампаз елміз жайнаған.  
Төсінде сан мың ұлыс пен ұлты жайлаған.  
Мұнай мен газы атқылап көкке алтын боп,  
Еңбекші жұртпен жадырап кетті бай далам!

Ақ Орда тігіп, Астана қылған қаласын,  
Тарихын танып, ардақтап жатқан бабасын,  
Барша әлем білген бөрі-жүректі баласын,  
Қиналмай өтер алдынан шықса дара сын,  
Көк туың мәңгі желбірей берсін көгіңде,  
Айбарлы менің Алашым!

Мұхамбетберді Сү

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**